

**М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің
«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 2023-2024 оқу жылында
атқарылған іс-шаралардың есебі**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды.

Осыған орай, мектеп кітапханалары да қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы арқылы өз жұмысын бастады.

Оқу – біздің балаларымыздың білімін, тәрбиесін және мәдениетін арттырудың маңызды факторы. Біріміз кітапты ой-өрісті кеңейту үшін оқысақ, біріміз – жұмыс барысында ақпарат іздеп оқимыз. Арамызда кітап оқып, демалатындар да бар. Қандай себеп болмасын, оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту маңызды. Оқу ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, жалпы, адамды тәрбиелейді және рухани байытады.

«Кітап оқуға бала кезден баулу керек. Адамның әдебиетке деген махаббаты сол балалық шақтан пайда болады», - деді министр Аймағамбетов өз жазбасында.

Ол үшін бала мектеп жасынан бастап көркем әдебиетті оқуға ұмтылуы қажет.

"Жақсы кітап - ақылдың кені, кісіліктің кілті" демекші мектеп оқырмандарына түрлі іс-шаралар жүргізілуде.

Қыркүйек айында Қазақстан Республикасы тілдер күніне орай А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған 3 -«Ә» класында «Тілім менің - тірлігімнің тірегі» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді, класс жетекшісі - С.Сермағамбетова.

Мақсаты: Ана тілін сүйе білуге, құрметтеуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Өлеңді мәнерлеп оқу қабілеттерін дамыту.



Сайыс барысында оқушылар Тіл туралы жырлаған қазақ ақындарының өлеңдерін жатқа оқыды.



Қазан айында 8 «А» класында Мемлекеттік сыйлықтың иегері, халық жазушысы Т.Ахтановтың өмірі мен шығармашылығы библиографиялық шолу өтті. Шара барысында оқушылар жергілікті қаламгер Т.Ахтанов өмірі мен шығармашылығымен танысты, класс жетекшісі Абилова Г.

Жазушы Т.Ахтанов жайында айтылған Ғ.Мүсіреповтің естелік ой толғауын тыңдады.

Жазушының «Қаһарлы күндер», романымен «Күй аңызы» әңгімесінің сюжетіне шолу жасады. Сонымен қатар «Сәуле», «Боран», «Ант», «Әке мен бала», «Махаббат мұны, т.б дмалық шығармаларына шолу жасады. Бұл драмалық шығармалардың өзге туысқан халықтар сахнасында қойылғандығынан хабардар болды.



Осы айда 4 «А» класында Республика күніне орай «Жаса, Қазақстаным!» тақырыбында поэтикалық марафон өткізілді, класс жетекшісі Айдарова Б.

Мақсаты: Оқушыларды Отанын сүйе, Қазақстанда тұратының мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу. Еліміздің Рәміздерін қастерлеуге, елін, жерін, тарихын білуге тәрбиелеу.


Оқушылар Республика күнінің ресми мереке статусына ие болуы туралы слайдттар арқылы көп мағлұматтармен танысты. Шара барысында оқушылар ақындар жырлаған патриоттық ән-жырларды мәнерлеп жатқа оқыды. Дияр А,Санжар, Саяжан әнші оқушылар әндер орындады.



Қараша айында 9 «В» класында Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» шығармасын оқып, танысу өткізілді, класс жетекшісі Қойшыбаева А.

Мақсаты: Белгілі жазушы, драматург О. Бөкей шығармашылығымен танысып, «Қар қызы» повесі туралы түсінік беру. Оқушыларды шығарманы өз ізденістерімен игеруіне түрткі жасай отырып, шығармашылық ізденістеріне жол ашу.

Шара барысында оқушылар жазушы өмірі мен шығармашылығы танысып, «Қар қызы» шығармасының мазмұнын меңгерді. Шығарма тақырыбы мен идеясына талдау жасап, шығармада жазушы табиғатты негізгі фон ретінде ала отырып, оның құпия сырларымен бірге адам жан сырының қалтарыстарына тоқталған деп өз ойларын жеткізді.



Осы айда 8 «В» класында «Табанталдан шыққан талант» тақырыбында өлкемізге белгілі ақын І. Мәмбетовтың шығармашылығы бойынша поэзия минуты өткізілді, класс жетекшісі Елеуова А.

Поэзия минутының мақсаты: қаламгер өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып, өлеңдерін мәнерлеп оқыту. Поэзия деген қызығушылықтарын арттыру. Көркем шығарма оқуға дағдыландыру.

Шара барысында оқушылар ақынның өмір туралы естеліктер тындап, өлеңдерін жатқа оқыды.



10 «А» класында Т.Әбдіктің «Оң қол» әңгімесін оқып, таныстыру жүргізілді, класс жетекшісі Қаржаубаева М.

Мақсаты: Жазушы Т.Әбдік шығармашылығымен таныстыра отырып, жазушының психологиялық идеяларын насихаттау. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту. Жалпы адамзаттық құндылықтарға деген көзқарастарын дамыту.

Шара барысында оқушылар Т.Әбдіктің шығармашылық жолымен танысты. «Оң қол» әңгімесінің мазмұнымен танысып, идеясын ашып, әңгімеден алған әсерлерімен бөлісті.

21 қараша күні 6 «Ә» класында А.Құнанбаевтың өлеңдерін бойынша поэзия сағаты өткізілді. Поэзия сағатында оқушылар Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығына слайд арқылы шолу жасады. Абай туралы айтылған ақын – жазушылардың ой-пікірлеріне тоқталды, класс жетекшісі Жұмабаева Г.

Поэзия минутында оқушылар Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Сегіз аяқ», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», т.б өлеңдерін жатқа оқыды. Кәдірбекұлы Дияр «Көзімнің қарасы әнін орындады.


Поэзия минутын С.Сейітовтің Абайға арнаған «Кім?» өлеңімен аяқтады.




28 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5 «Б» сыныбында «Бала деп соққан бауырмал жүрек» М. Әлімбаевтың шығармашылығына талдау. Поэзия минуты өтті, класс жетекшісі Жұмағалиева А.

Мақсаты: М. Әлімбаев туралы білімдерін кеңейту, балаларға арналған шығармалары, олардың жазылу тарихымен таныстыру. М.Әлімбаевтың «балалар ақыны» екенін таныту.

Поэзия минутында оқушылар ақынның өмір жолымен танысып, өлеңдерінен үзінділер оқыды.





28 қараша күні 7»А» класында «Шәкәрім ақын шалқарынан» тақырыбында танымдық кеш өткізілді, класс жетекшісі Сауанаева А.

Мақсаты: Ш.Құдайбердіұлы өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту. Оқушылардың қоғамға деген көзқарасының қалыптасуына ықпал ету, тіл байлықтарын, оқу танымдық, ұлттық күзінеттіліктерін дамыту.

Кеш барысында оқушыларға слайд Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығымен таныстырылды. Өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Қ.Нұржауған «Еңлік – Кебек» поэмасынан үзінді оқыды. Ақынның өлеңдеріне жазылған әндермен танысты.



Желтоқсан айында 8"Б" сыныбының оқушылары "Өтебай Канахин шығармашылығы" атты танымдық сабақ өткізіп, Ө. Канахиннің өмірімен танысты. Жазған шығармаларынан үзінділер оқып, үздік мақал-мәтелдерін жатқа айтты. Ө.Канахиннің жанына жақын "Адай" күйі тартылды, класс жетекшісі Усенова А.





Осы айда 9 «Г» класында Ғ.Қайырбековтің 95 жылдығына орай поэзия минуты өткізілді, класс жетекшісі Нұрланова И.

Мақсаты: Ғ.Қайырбековтің өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып, өлеңдерін оқу, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту. туған жерін сүйе білуге тәрбиелеу.

Поэзия минутында оқушылар ақын шығармашылығымен танысып, Қазақстан, туған жер, табиғат тақырыбындағы өлеңдерін жатқа оқыды.



10 «Б»класс оқушылары Қ.Жұмаділовтің «Араңға түске аққулар» тарихи хикаятын оқып танысып, шығарма желісі бойынша сахналық көрініс дайындады, класс жетекшісі Ерғазина Ж



7 «Б» класында жергілікті ақын Н.Байғанин шығармашылығы бойынша «Нұрпейіс атты дауыл жыр...» тақырыбында поэзия минуты өтті, класс жетекшісі Урбисина А.

Шараның мақсаты: Ақтөбе өңірінен шыққан ақын Н.Байғанин өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Ақын өлеңдерінің өзіндік ерекшелігін ашып түсіндіру. Поэзияны сүйіп оқуға үйрету, оның құдіретін сезіндіру. Оқушылардың өлең оқу қабілеттерін дамыту.

Шара барысында Н.Байғанин оқушылар видео, слайдтар арқылы өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтермен бөлісті.





Қаңтар айында 9 «Б» класында «Поэзия падишасы» тақырыбында қазақтың біртуар ақын қызы Ф.Оңғарысынованың шығармашылығы бойынша әдеби-караоке өтті.

Мақсаты: Ақын Ф.Оңғарысынованың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, өлеңдерін оқуға насихаттау. поэзия оқуға қызығушылықтарын арттыру.

Шара барысында слайдтар арқылы ақын өмірі мен шығармашылығына шолу жасалды. Оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқып, ақын поэзиясының өзіндік ерекшелігі мен тақырыптарына тоқталды. Класс жетекшісі- Меңдібаева.Б.



6 «Г» класс оқушылары арасында мектеп кітапханасына келген жаңа көркем әдеби кітаптармен танысып, Бауыржан Жақыптың «Ақ лақ» жинағына енген өлеңдері бойынша поэзия минуты өткізілді.



25 қаңтар күні 4 «В» класында балалар ақыны Қастек Баянбай өлеңдері бойынша поэтикалық марафон өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өлеңді мәнерлеп, түсініп оқу дағдыларын жетілдіру. Ақын өлеңдеріндегі негізгі ойды анықтау, түсіну, кейіпкер әрекетіне баға беру, өз ойларын еркін айтуға үйрету. Қайырымды, мейірімді болуға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Шара барысында балалар ақыны Қ.Баянбайдың өміріне, шығармашылығына, аударма еңбектеріне тоқталды. Балаларға арналған жыр шумақтарын оқыды. Класс жетекшісі: Ильясова Ұ.С.



6 «В»класында мектепке жаңадан келген кітаптармен танысу барысында Нұрлан Қалқаның «Жыл он екі ай» кітабына енген өлеңдері бойынша поэзия минуты өткізілді.

Мақсаты: Ақын шығармашылығымен таныстыру.өлеңдерін жатқа оқу.Мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту. Поэзия оқуға, көркем әдебиет оқуға қызығушылықтарын арттыру.


Шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы таныстырылды. Оқушылар ақынның «Жыл он екі ай» кітабына енген туған жер, отан , ана, әке , мектеп туралы жазылған өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Жаңылтпаштар оқып сайысты. Класс жетекшісі: Курмансейітова Г.О.



9 «А»класында ақын І.Жансүгіровтің «Күй» поэмасы бойынша поэтикалық марафон өтті. Класс жетекшісі Жалғасова Л.

Мақсаты. Ақын өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтермен таныстыру. «Күй» поэмасының тақырыбы мен идеясын ашып түсіндіру, поэма мазмұнына сай мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту. Күй өнерінің ерекшелігін, құдіреттілігін ашып түсіндіру.

Шара барысында ақын І.Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы слайд арқылы баяндалып, таныстырылды. Оқушылар поэмадан үзінділер оқыды. Шара соңында - күйін орындады.



7«Ә» класында ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия, Менімен егізбе едің?» тақырыбында поэзия минуты өтті.

Мақсаты: ақын өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтермен таныстыру. Ақын өлеңдерін жатқа оқуға. Ақынның өз дауысын тындау арқылы өлеңді мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуға баулу. Ақын сөзіне жазылған әндер бар екенін естеріне салу.

Шара барысында оқушыларға ақын өмірі, шығармашылығы, ақын туралы естеліктер слайд арқылы көрсетілді. Оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Поэзия минутында ақын өлеңдерінің сөзіне жазылған әндерге тоқталып «Есіне мені алғайсың» әнімен шараны қорытындылады.

